

Сахиева Ф.Ә.,
Бердібаева С.Қ., Garber A.I.,
Қалматаева А., Оразбаева А.Ш.,
Бердібаев С.Қ.

**Қытайда тұратын қазақ
диаспорасы өкілдерінің
құндылық бағдарларының
құрылымы**

Біздің зерттеуіміздің мақсаты Қытайда тұратын қазақ диаспорасы өкілдерінің құндылық бағдарларын зерделеу, Қазақстанның төл этносы және Германияда тұратын қазақтардың құндылық бағдарларымен салыстырғанда олардың этнопсихологиялық ерекшеліктерін анықтау. Келесі тұжырымдар жасалды: Қазақстанның төл этносы, Германиядағы және Қытайдағы қазақ диаспораларының салыстырмалы талдауында аталған топтардың құндылық бағдарларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Әсіресе Қытайда тұратын қазақтар мен Қазақстанның төл этносының құндылықтар саласында көптеген айырмашылықтар анықталды. Қытайда тұратын қазақ диаспорасы үшін тәжірибеден тыс трансценденттіліктен (артықшылықтан), тәртіптен мағына табу, өз өмірін мағынаға толы ретінде қабылдау, өз бойындағы ізденістен және өзін – өзі түсінуден, келешек ұрпаққа қызығушылықтан, дін мен сенімнен мағына табудан, даралықтан, күзіреттілік пен табыстан, ақпарат пен оны түсіну көбірек тән, құндылық саласындағы прагматизм мен оның қолданылуы Германияда тұратын қазақтар мен Қазақстанның төл этносы үшін маңыздырақ болып табылады.

Түйін сөздер: этнос, Қытайда тұратын қазақтар, құндылық бағдарлары, факторлық талдау, құндылық саласының құрылымы, этникалық мәдениет, мәдени дәстүрлер, Қазақстанның төл этносы, ұлттық саясат.

Sahieva F.A.,
Berdibaeva S.K., Garber A.I.,
Kalmataeva A., Orazbaeva A.Sh.,
Berdibaev S.K.

**The structure of the
value orientations of the
representatives of the Kazakh
diaspora living in China**

The aim of our research is to study the value orientations of the Kazakh diaspora living in China, revealing its ethno-psychological characteristics in comparison with the value orientations of the titular ethnos of Kazakhstan and representatives of the Kazakh diaspora living in Germany. The following conclusions: a comparative analysis of the titular ethnic group in Kazakhstan, the Kazakh diaspora living in Germany, and the Kazakh diaspora living in China, have been identified similarities and differences of value orientations of these groups. It should be noted that differences were detected more than the similarity in the value field. In particular, a lot of differences in the value field has been revealed between Kazakhs living in China, and the titular nation of Kazakhstan. For the Kazakh diaspora living in China tend to find more meaning in transcendence, beyond the limits of possible experience, finding meaning in the manner peculiar to accept a greater degree of their lives as full of meaning, to find meaning in the search for self and meaning itself, in the interest of to the younger generation, to find meaning in religion and faith in personality, competence and success in the information and understanding more significant in the value field of pragmatic and concrete application than the Kazakhs, living in Germany, and the titular ethnic group in Kazakhstan.

Key words: The ethnos, Kazakhs living in China, value orientation, factor analysis, the structure of the sphere of values, culture, ethnic, cultural custom title ethnos of Kazakhstan, the national policy

Сахиева Ф.Ә.,
Бердібаева С.Қ., Garber A.I.,
Қалматаева А., Оразбаева А.Ш.,
Бердібаев С.Қ.

**Структура ценностных
ориентаций представителей
казахской диаспоры,
проживающей в Китае**

Целью нашего исследования является изучение ценностных ориентаций казахской диаспоры, проживающей в Китае, выявление ее этнопсихологических особенностей по сравнению с ценностными ориентациями титульного этноса Казахстана и представителями казахской диаспоры, проживающей в Германии. Были сделаны следующие выводы: при сравнительном анализе титульного этноса Казахстана, казахской диаспоры, проживающей в Германии, и казахской диаспоры, проживающей в Китае, были выявлены сходство и различие ценностных ориентаций данных групп. При этом следует отметить, что различий было выявлено больше, чем сходства в ценностной сфере. В особенности много различий в ценностной сфере было выявлено между казахами, проживающими в Китае, и титульным этносом Казахстана.

Ключевые слова: Этнос, казахи проживающие в Китае, ценностные ориентации, факторный анализ, структура ценностного сферы, этнические культуры, культурные обычаи, титульный этнос Казахстана, национальная политика.

**ҚЫТАЙДА ТҰРАТЫН
ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ
ӨКІЛДЕРІНІҢ
ҚҰНДЫЛЫҚ
БАҒДАРЛАРЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Кіріспе

Бүгінгі күні этнографтар, психологтар, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар және заңгерлер әртүрлі көзқараспен қарайды. Энциклопедиялық басылымдарда диаспораны шыққан тегінен елінен тыс жалпы этникалық тамырлары және рухани құндылықтар бар халықтың бөлігі (этникалық қоғамдастық) деп анықталады. Саясаттанушылар диаспоралардың саяси рөлінің талдауының маңызын өзге мемлекетте тұратын халықтың бөлшегі (немесе оның белгісі) ретінде сезіну тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар тұратын мемлекет пен тарихи Отанының өзара қарым-қатынастарының жеке стратегиясының болуы, этникалық ұқсастық пен дамуға бағытталған институттар мен ұйымдардың қалыптасуы маңызын атап көрсетеді. Заңдық тұрғыдан қарағанда диаспораны құрайтын тұлғалардың құқықтық дәрежесі маңызды. Оның біраз бөлігін шетелде тұратын азаматтар, қалғандары – белгілі бір себептерге байланысты азаматтығынан айрылған немесе ешқашан азаматтығы болмаған адамдар, бірақ олардың ата-бабалары/ ұрпақтары немесе басқа туыстарының азаматтығы болғандықтан сол себепті олар өздерін өзге мемлекетте өмір сүріп жатқан өзге мемлекеттің бөлшегі ретінде сезінеді [2].

Психологияда барлық тәсілдерге ортақ этностың бір (немесе жалғыз) сипаттамасы болып табылатын этникалық ұқсастықты мойындау маңыздырақ болып табылады. Бұл этнос жеке тұлғалар үшін психологиялық қауымдастық болып табылатынын білдіреді. Этнодифференциалды, яғни аталған этносты өзгелерден ажырататын белгі ретінде түрлі сипаттамалар: тіл, құндылықтар мен нормалар, тарихи жады, дін, туған жері туралы көріністер, ортақ ата – баба туралы аңыз, ұлттық мінез, халықтық және кәсіби өнер жатады. Бұл тізім шексіз, оған мұрын формасы мен халаттың алдын жабу тәсілі т.б. енуі мүмкін [2].

Этнодифференциалды белгілер үнемі дерлік объектілі шындықты, көбінесе рухани шындықтың элементтерін көрсетеді. Бұл көрініс жеткілікті түрде немесе бұрмаланған, тіпті жалған болуы мүмкін. Мысалы, қазіргі заман этностарының мүшелерінің шығу тегінің қауымдастығының бұл әдемі

миф (аңыз); белгілі бір аумақпен бірнеше халық өзін қауымдастық ретінде сезінуі мүмкін; халықтық күнделікті тұрмыста қолданылатын көптеген элементтер тек этнографиялық мұражайларда сақталады; этникалық тіл халықтың көпшілігінде жоғалған және тек бірлік белгісі ретінде қабылдануы мүмкін. Этникалық қауымдастық – бұл ең алдымен қандай да бір белгілер туралы қауымдастық, жай мәдени өзгешелік емес. Сондықтан этносты белгілер қатары арқылы тану үнемі сәтсіздікке ұшыратты, сонымен қатар мәдениеттің біріздендірілуінен этнодифференциалды белгілердің саны тұрақты түрде қысқарып келеді, бірақ бұл кәсіби өнермен, әдебиетпен және тарихи білімдермен байланысты жаңа элементтермен орнын толтырады [16].

Сондықтан психология тұрғысынан қарағанда этносты этнодифференциалды белгілері бар топ ретінде қабылданатын және өздерін сол топтың мүшелері ретінде санайтын адамдар тобы ретінде анықтауға болады.

Зерттеуде қазақ этносын зерделеуге назар аударылды. Қазіргі уақытта алыс және жақын шетелдерде тұратын қазақ диаспорасының сандық құрамымен танысу кезінде келесі көрінісі байқауға болады. Жақын және алыс шетелдердің ішінде алғашқы орында – Өзбекстан мен Қытай, олардың әрқайсысы 1500000-ға жуық қазақ ұлтының өкілі, сәйкесінше екінші орында Ресей – 1000000-ға жуық адам, барлығы ТМД елдерінде (Ресей мен Өзбекстаннан тыс) шамамен 200000-ға жуық қазақтар тұрады [27].

Одан кейінгі орындарда 100000-нан астам қазағы бар Моңғолия, 30000 отандасымыз бар Ауғанстан, әрқайсысында 10000 қазақ ұлтының өкілі бар Түркия және Иран келеді. Біздің отандастарымыз тұратын басқа елдерді атайтын болсақ, олардың географиялық алаңы кең. Бұл Канада, Пәкістан, Германия, Франция, АҚШ және Сауд Арабиясы мен Австралия, Жақын Шығыспен Африка елдері, әсіресе Марокко және Египет. Еуропа елдерінен тек Исландияда ғана қазақ диаспорасы өкілдері жоқ.

Жалпы алғанда жақын және алыс шетелдегі қазақ диаспорасы 5 миллион адамды құрайды. Бірақ бұл жерде көптеген елдерде қазақ ұлтының өкілдерінің саны біраз төмендетілу мүмкіндігін ескерген жөн [4].

Қазақ диаспорасының этникалық ұқсастығын сақтау үрдісінің бірнеше параметрлері бар: неке және отбасы, этникалық қауымдастықтар, мектептер, тіл және мәдениет. Бұл жерде ең алдымен ділді сақтау туралы айтқан жөн, себебі тарихи Отанынан алыста жүргенде көптеген қа-

зақ диаспоралары өздері тұратын елге сіңісіп кетуі мүмкін. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолы ретінде өз балаларын ана тілінде оқытатын мектептерге беру немесе Қазақстанға оралу болып табылады. Бұдан бөлек қазақ ұлты өкілдерінің тілдік мәселесі алфавитпен байланысты, нақтырақ айтқанда, үш әртүрлі алфавитпен: кириллица, латиница және араб әріптерімен байланысты. Сондықтан Қытайда және Иранда тұратын қазақтар араб жазбасымен, Түркия мен Өзбекстан қазақтары латиницамен, ал ТМД елдерінде тұратын қазақтар кириллица әрпін қолданады. Ұзақ уақыт бойы орын алған бұл құбылыс зара қазақ диаспораларын өзара және олардың Қазақстандағы туыстарымен жақындасу үрдісін қиындатады.

Қазақтардың дәрежесі мен әлем елдеріндегі қазақтарға қарым-қатынастан Қазақстанның халықаралық аренадағы іс-әрекеттері де тәуелді, өйткені біздің еліміз шекарадан тыс тұратын өз отандастарына тұрақты, лайықты құрмет пен қамқорлық көрсетілмесе, біздің еліміз әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі бола алмайды. Бұл сұрақтардың жағымды нәтижесі мен шешіміне тек Қазақстандағы ғана емес, сонымен бірге оның сыртындағы ұлтаралық климат та әсер етеді. Бұл үлкен жауапкершілікті Қазақстан Республикасының Президенті – Н.Ә. Назарбаев та және әлемнің көптеген елдеріндегі қазақ диаспорасы да түсінеді [17,27].

Тарихи Отанына қайтып оралу немесе Қазақстандағы төл этностың Қытайдағы қазақ диаспорасы өкілдерімен тығыз қарым - қатынас орнату Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының елеулі бөлігі болып табылады [26]. Бүкіл-әлемдік қазақтар ассоциациясының мәліметтері бойынша Қазақстана оралуға ниет білдірген 2 миллион қазақтың оралу мүмкіндігі болмауы ең алдымен осы тілекті жүзеге асыруды қолдайтын нақтылы ғылыми-экономикалық бағдарламаның болмауымен байланысты [16].

Бүгінгі күнде Қытайдағы қазақтардың елеулі мәселесі ретінде қазақ тілін үйрену, ұлттық мәдениетті, халықтық салт-дәстүрлерді сақтау және ана тілінде білім алу бізге ұлттық мәдениетті сақтау негіздері ретінде Қытайда тұратын қазақтардың құндылық бағдарларын зерттеу маңыздылығы туралы айтуға мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Қытайдағы қазақ диаспорасы өкілдерінің этникалық және жалпы адамзаттық құндылықтарын зерделеу қазақ ұлттық мәдениетінің, салт-дәстүрлердің және ұрпақтар үздіксіздігін сақтау және дамыту мәселелері қарастырылды.

Негізгі бөлім

Қытайда тұратын қазақтардың құндылық бағдарларын зерделеу үшін Қазақстанның төл этносы, Германияда және Қытайда тұратын қазақ диаспорасы өкілдерінің құндылық бағдарларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастыруға мүмкіндік беретін кешенді психодиагностикалық әдістемелер пакеті әзірленді. Зерттеуде Ш. Шварц әдістемесі (Шварцтың құндылық сауалнамасы)[8,24,23], М. Рокичтің құндылық бағдарларын зерттеу әдістемесі, Е.Б. Фанталованың Л.С. Колмогорова мен Д.В. Каширскийдің түрлендірулеріндегі құндылық бағдарларын зерттеу әдістемесі[6], Куннің түрленген «Мен кімін?» әдістемесі, Т. Шнель мен П. Бекердің «Лебе – Өмірлік құндылықтар мен мағыналар» [21,22] сауалнамасының бейімделген нұсқасы (қазақ және орыс тілдеріндегі авторлық бейімдеу [14]).

Алдымен әрбір зерттеу әдістемесін қысқаша сипаттайық. Ш. Шварц әдістемесі (Шварцтың құндылық сауалнамасы) қоғамда орын алған өзгерістерге байланысты топтардағы (мәдениеттердегі) құндылықтардың өзгеру динамикасын, сонымен қатар жеке тұлғаның өмірлік мәселелерін зерттеуге қолданылады. Сауалнаманы құрастырған Ш. Шварц [25]. Құндылықтардың астарында Ш. Шварц (Schwartz Shalom H.) мәдениеттен, ортадан, белгілі бір қоғамның менталитетіне тікелей тәуелді «танылған» қажеттіліктерді меңзейді. Ш. Шварц сауалнамасы негізінде барлық құндылықтар әлеуметтік және жеке деп бөлінеді деген теория жатыр. Ш. Шварц өз моделінде негізгі он екі құндылықты сипаттайды: рахаттану сезімі, жетістік, әлеуметтік билік, қоғамда өз тағдырын белгілеу, ынталандыру, шектеуші конформизм (үйлестірушілік), дәстүрлерді қолдау, әлеуметтілік, қауіпсіздік, кемелдік, әлеуметтік мәдениет, руханилық.

Сауалнаманы құрастыру барысында Ш. Шварц сапалы түрде түрлендіріп, ұлғайтып және тұжырымдамалық негізін жетілдіру арқылы. Рокичтің әдістемесін қолданды.

М. Рокичтің құндылық бағдарларын зерделеу әдістемесі қазіргі уақыттағы құндылықтар тізімін тікелей саралауға негізделген әдістеме болып табылады. М. Рокич құндылықтарды екі класқа ажыратады: терминалды құндылықтар – жеке тұлға тіршілігінің түпкі мақсатына ұмтылу туралы наным; аспаптық құндылықтар – жеке тұлғаның мінез-құлқы немесе сапасы кез келген жағдаятқа лайық болу туралы наным. Бұл бөлініс дәстүрлі құндылық – мақсаттар мен құндылық – құралдар бөлінісіне сәйкес келеді [3,19].

Жауапкерге құндылықтардың екі тізімі (әрқайсысында 18 құндылық) ұсынылды. Сыналушы тізімде әрбір құндылыққа дәрежелік нөмір бекітілді.

Е.Б. Фанталованың Л.С. Колмогорова мен Д.В. Каширскийдің түрлендірулеріндегі құндылық бағдарларының жүйесін зерттеу әдістемесі құндылық бағдарларының жүйесін және жеке тұлғаның ішкі жанжалдарын зерттейді [18].

Әдістеменің негізіне көп өлшемді шәкіл рәсімі енеді. Нақтырақ айтқанда, оның бір әдісі - жұптық салыстыру. Сыналушыға өмірлік салалар тізімі ұсынылады, олармен жұмыс кезінде ол алғашқы таңдауда сала маңыздылығына байланысты іс-әрекет салаларын өзара жұптастырып салыстырса, екінші таңдауда сала қолжетімділігі бойынша салыстырады.

Түрленген Кун әдістемесі қазақ диаспорасына қатыстылығын білдіретін «Мен кімін?» сұрағына жауап беретін реттік нөмір түсіндіріледі [19].

Авторлары Т. Шнель мен П. Бекер (2007) болып табылатын өмірлік құндылықтар мен мағыналар диагностикасына бағытталған «Лебе» сауалнамасының негізіне экзистенциалды ойлау және әрекеттің жеке мағыналылығына негізделген пәнаралық даму теориясы жатады. Сауалнаманы құру барысында әртүрлі әлеуметтік, мәдени және діни шығу тегі бар өкілдерден сауалнама алынды [20]. Теориялық негіз жүзеге асырылған мағына және негізгі мінез-құлықтан, ойлау мен іс-әрекеттен байқалатын өмірлік құндылықтардың иерархиялық құрылымына негізделеді [15]. Сауалнама өлшемдік құндылықтарды бағамдайтын 26 негізгі шәкілден тұрады. Оның бәрі 4 әлемдік өлшем арқылы өлшенеді: өзіндік трансценденттілік (артықшылық) (көрсеткіштері: айқын діншілдік, руханилық, әлеуметтік белсенділік, табиғатпен өзара байланыс, өзі туралы білім, денсаулық, генеративтілік (өндірушілік), өзін-өзі дамыту (көрсеткіштері: шақыру, даралық, билік, даму, нәтиже, бостандық, білім, шығармашылық), тәртіп (көрсеткіштері: дәстүр, прагматизм, адамгершілік, естілік) және қоғамдастық – ауқаттылық (көрсеткіштері: ынтымақтастық, ләззат алу сезімі, махаббат, жақсы хал – жағдай, қамқорлық, өмірдің саналылығы, үйлесімділік). Өмірлік құндылықтардан тәуелсіз қарастырылатын және қабылданағын өмір мағынасы туралы бесінші өлшем мағыналылық пен экзистенциалды дағдарыс (көрсеткіштері: мағынаға толылық және мағына дағдарысы) үшін жауап береді [22].

Зерттеуде 20 мен 60 жас аралығындағы сынамалы топ қатысты. Сыналғандардың орташа жасы 42 жас 5 айды құрайды. Таңдалып алынған 103 сыналушы Қазақстанның төл этносын құрады, 54 сыналушы Қытайда тұратын қазақтар және 61 сыналушы Германияда тұратын қазақ диаспорасын құрады. Зерттеуде жалпы қазақ этносының 218 өкілі қатысты. Тәжірибелік топты шетелде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері (54 адам) құрады, 1 - бақылау тобын Қазақстанның төл этносының өкілдері (103 адам) құрады, 2 - бақылау тобын Германияда тұратын қазақ диаспорасы құрады (61 адам). Зерттеуге 121 әйел адам және 97 ер адам қатысты. Ер адамдар мен әйел адамдардың шамамен тең ара қатынасы әрбір зерттеуде байқалады [28].

Жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне тоқталайық. Әрбір әдістеме бойынша 1 – тәжірибелік топ (Қытайда тұратын қазақтар) және 2 – бақылау (Қазақстанның төл этносы және Германияда тұратын қазақтар) топтарының құндылық бағдарларының диагностикасының нәтижелерін қарастырайық және алынған нәтижелерді Крускал – Уоллистің H – критерийі арқылы салыстырайық [5].

Крускал – Уоллис критерийі таңдауға алынған деңгей бойынша үш және одан көп айырмашылықтарды бағалауға арналған. Ол үш және одан көп эмпирикалық бөлініс (зерттелген белгінің деңгейінде ұқсастық – айырмашылық) орнатуға мүмкіндік береді.

Сыналушылар этникалық қатысына байланысты 3 топқа бөлінді, атап айтқанда келесі топтар құрылды:

– бақылау тобы – Қазақстанның төл ұлтының өкілдері;

– бақылау тобы – Германияда тұратын қазақтар;
– тәжірибелік топ – Қытайда тұратын қазақ этносының өкілдері (шартты белгіленуі 3 – топ)

Келесі гипотезалар (болжамдар) ұсынылды: нөлдік

H_0 : – 3 топтың арасында тек құндылық бағдарларының арасындағы кездейсоқ өзгешеліктер ғана бар және оған бәсекелес болжам

H_1 : – 3 топтың арасында зерттелетін белгі деңгейіне байланысты кездейсоқ емес өзгешеліктер бар

H_0 және H_1 болжамдарын тексеру барысында №1, 2, 3a, b кестелерінде көрсетілген нәтижелер алынды. Крускал – Уоллистің H – критерийі бойынша айтарлықтай айырмашылықтар тек Ш.Шварц сауалнамасы бес көрсеткіштен байқалды: – «Әлеуметтік билік», «Ынталандыру», «Кемелдік», «Әлеуметтік мәдениет» және «Руханилық», бұл көрсеткіштер H_0 жоққа шығаруға мүмкіндік берді, яғни үш топ құндылық бағдарлары бойынша ерекшеленеді.

Бұл Қытайда тұратын қазақтар үшін Қазақстанның төл этносы және Германияда тұратын қазақтармен салыстырғанда адамдар мен ресурстарға үстемдік ету, әлеуметтік дәреже маңызы кемірек екенін дәлелдейді. Қытайда тұратын қазақтар мен Қазақстанның төл этносы тәрізді белсенділіктің оңтайлы деңгейін сақтау үшін жана және түрлі қобалжуларды сезіну, өзгелерге түсінісушілік және шыдамдылықты сезіну, өзінің әлеуметтік ролін қабылдау және өз сезімдері мен әрекеттеріндегі бірқалыптылықты сақтау, ішкі үйлесімділік, өмірдегі өз орнын сезіну Германияда тұратын қазақтармен салыстырғанда маңызды әрі құнды болып табылатынын білдіреді.

1-кесте – Ш. Шварц сауалнамасының Крускал – Уоллистің H – критерийі бойынша статистикалық талдауының нәтижелері

Шектеу	1Sch	2Sch	3Sch	4Sch	5Sch	6Sch	7Sch	8Sch	9Sch	10Sch	11Sch	12Sch
H – критерий	1,497	,390	7,406	,132	6,965	3,041	4,397	,366	8,581	1,318	14,479	11,261
P	,473	,823	,025	,936	,031	,219	,111	,833	,014	,517	,001	,004

Ескерту. 1Sch- Рахаттану; 2Sch – Жетістік; 3Sch – Әлеуметтік билік; 4Sch – Қоғамдағы өз тағдырын белгілеу; 5Sch – Ынталандыру; 6Sch – Конформизм (үйлестіру) 7Sch – Әлеуметтену; 8Sch – Қауіпсіздік; 9Sch – Кемелдік; 10Sch – Дәстүрлерді қолдау; 11Sch – Әлеуметтік мәдениет; 12Sch – Руханилық

Крускал – Уоллистің H – критерийі бойынша статистикалық талдауының нәтижесінде Е.Б. Фанталованың «Бостандық іс – әрекет тәуелсіздігі ретінде» көрсеткіші бойынша айтарлықтай ерекшеліктер анықталды, бұл көрсеткіштер H_0 жоққа шығаруға мүмкіндік берді, яғни үш топ құндылық

бағдарлары бойынша ерекшеленеді, яғни бұл Германияда тұратын қазақтардың бостандық іс-әрекет тәуелсіздігі ретінде сезінуі құндылық ретінде Қазақстанда тұратын төл этноспен және Қытайда тұратын қазақтармен салыстырғанда маңызды әрі құнды болып табылатынын білдіреді.

2-кесте – Е.Б. Фанталова әдістемесі бойынша Крускал – Уоллистің Н – критерийі бойынша статистикалық талдауының нәтижелері

Критерий	f1	f2	f3	f4	f5	f6	f7	f8	f9	f10	f11	f12	R
Н – критерий	2,856	2,793	2,487	1,913	2,552	1,992	,451	1,294	3,053	5,755	1,902	1,939	,724
P	,240	,247	,288	,384	,279	,369	,798	,524	,217	,056	,386	,379	,696

Ескерту. F1- Белсенді, жігерлі өмір, F2-Денсаулық, F3 – Қызықты жұмыс, F4 – Табиғаттың және өнердің сұлулығы, F5 – Махаббат, F6 – Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген өмір, F7 – Жақсы әрі сенімді достардың болуы, F8 – Өзіне сенімділік, F9 – Таным, F10 – Бостандық іс – әрекет тәуелсіздігі ретінде, F11 - Бақытты отбасылық өмір, F12 – Шығармашылық, R – әдістеменің 12 ұғымы бойынша «құндылық» пен «қол жетімділік» арасындағы айырмашылық индексі

Крускал – Уоллистің Н – критерийі бойынша статистикалық талдаудың нәтижесінде М.Кун және Лебе әдістемесі бойынша «Ұлт» «Трансценденттілік» «Тура трансценденттілік» «Жанама трансценденттілік» «Тәртіп»: естілік және адамгершілік және «Қоғамдас-

тық және ауқаттылық сезімі» қоғамдастық, қамқорлық және үйлесім көрсеткіші бойынша біршама ерекшеліктер анықталды, бұл көрсеткіштер H_0 жоққа шығаруға мүмкіндік берді, яғни үш топ құндылық бағдарлары бойынша ерекшеленеді.

3а-кестесі – М. Кун және Лебе әдістемесі Крускал – Уоллистің Н – критерийі бойынша статистикалық талдаудың нәтижелері

критерий	Ұ	Т	ТТ	ЖТ	ӨЖА	Т	ҚАС	А	Е	Ы	Л	М	ӨЖС	Қ	ӨС	Ү
Н – критерий	30,486	17,528	16,004	13,404	2,186	8,610	10,407	10,014	15,479	9,899	4,420	5,639	5,672	15,336	5,950	17,381
P	,001	,001	,001	,001	,335	,014	,005	,007	,001	,007	,110	,060	,059	,001	,051	,001

Ескерту. Ұ – ұлт, Т – трансценденттілік, ТТ – тура трансценденттілік, ЖТ – жанама трансценденттілік, ӨЖА – өзін жүзеге асыру, Т – тәртіп, ҚСС – Қоғамдастық және ауқаттылық сезімі, А – адамгершілік, Е – естілік, Ы – ынтымақтастық, Л – ләззат алу сезімі, М – махаббат, ӨЖС – өзін жақсы сезіну, Қ – қамқорлық, ӨС – өмірдің саналылығы, Ү – үйлесімділік

Германияда тұратын қазақтар «мен кімін?» сұрағына қазақ этносына қатыстылығын білдіретін жауапты Қазақстанда тұратын қазақтармен және Қытайда тұратын қазақтармен салыстырғанда жиірек берген.

Бұл өз тарихи Отанынан алыс тұру, ұлттық азшылыққа қатысты болу неміс қоныс аударушыларын ұлттық ұқсастыққа сезімінің жоғары болуы өзін неміс этносының өкілі ретінде атауынан байқалады. Қазақстанның төл этносы және Қытайда тұратын қазақтар «мен кімін?» деген сұраққа қазақ этносына қатыстылығын білдіретін жауапты сирек беруі олардың ұлттық ұқсастық сезімінің әлі толық қалыптаспағанын білдіреді.

«Қоғамдастық және ауқаттылық», «Естілік» және «Адамгершілік» сонымен қатар «Тәртіп» көрсеткіштері бойынша шетелде тұратын қазақтар үшін қоғамдастық және ауқаттылық сезімінен мағына табу, адамгершілік жақындық пен достық, көмек қолын созу, байсалдылық, құндылықтар мен нормаға бағытталған тексеріс пен рационалдылық Қазақстанда тұратын қазақтармен салыстырғанда көбірек тән.

Бұл Қазақстанда соңғы 20 жылда орын алған экономикалық, әлеуметтік және саяси өзгерістер аясында тәртіп құндылық саласы құрылымының орталық құндылығына айналмауымен байланысты болуы мүмкін.

3б-кестесі – Лебе әдістемесі Крускал – Уоллистің U- критерийі, Н – критерийі бойынша статистикалық талдаудың нәтижелері

критерий	МТ	МД	ӘБ	АД	ТӨБ	ӨТБ	Д	Г	Р	Ш	Д	Б	Д	Н	Б	Б	Ш	Д	П
Н – критерий	20,698	27,099	5,248	19,466	3,254	7,552	19,533	6,374	15,583	8,028	6,880	4,714	9,082	2,126	4,074	9,067	,899	2,789	11,398
P	,001	,001	,073	,001	,196	,023	,001	,041	,001	,018	,032	,095	,011	,345	,130	,011	,638	,248	,003

Крускал – Уоллистің Н - критерийі бойынша статистикалық талдаудың нәтижесі бойынша Лебе әдістемесінің «Мағынаға толылық», «Мағына дағдарысы», «Айқын діншілдік», «Өзі туралы білім», «Денсаулық», «Генеративтілік», «Руханилық», «Шақыру», «Даралық», «Нәтиже», «Білім», «Прагматизм» көрсеткіштері бойынша біршама ерекшеліктер анықталды, бұл көрсеткіштер жокқа шығаруға мүмкіндік берді, яғни үш топ құндылық бағдарлары бойынша ерекшеленеді.

Қытайда тұратын казактар үшін Қазақстанда және Германияда тұратын казактармен салыстырғанда өз өмірін мағынаға көбірек толы ретінде қабылдау, өзін - өзі іздеу мен түсінуден, келешек ұрпаққа қызығушылыққа, сенім мен діннен мағына табу көбірек тән екенін байқауға болады. Алынған нәтижені Қытайда тұратын казак этносының бірін-бірі толықтыратын шығыс мәдениеті құндылық саласына қатысты бақыланатын тәжірибеден тыс шығуға мүмкіндік беретін айқын трансценденттілікпен түсіндіруге болады.

Қазақстан мен Қытайда тұратын казактар үшін өз өмірінің мағынасыздығын, өмір мәнінің дағдарысын сезіну, фатализм Германияда тұратын казактармен салыстырғанда көбірек тән және Қазақстан мен Қытайда тұратын казактармен салыстырғанда салауатты өмір салтын сақтау мен ынталанудан мағына табу азырақ тән. Бұл Еуропа мен Азиядағы адам өмірінің экзистенциалды негіздерін тұрақтандыратын көптеген әлеуметтік кепілдіктермен байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар Қытайда тұратын казактар үшін мағына мен даралықтан, құзіреттілік пен табыстан, ақпарат пен оны түсінуден, прагматизм мен оны нақты қолдану көбірек тән, құндылық саласында жаңаны, өзгерістер мен тәуекелді іздеу азырақ тән.

Бұл нәтижені Қытайда тұратын казактар үшін өз мәдени дәстүрлерін қорғау қажеттілігі Қазақстанда және Германияда тұратын казак этносымен салыстырғанда өзектілігі кемдігімен түсіндіруге болады, өйткені казак мәдениеті қытай мәдениетімен тарихи тұрғыда тығыз байланысты.

Мәліметтер мен айнымалылардың саны көптігін ескере отырып біз мәліметтердің факторлық талдауының өлшемін төмендету үшін рәсімдер қабылдау шешілді. Факторлық талдаудың статистикалық SPSS 21.0 статистикалық бағдарламасының папкасы қолданылды [102].

Өңдеу негізгі құрамдас бөліктер әдісімен жүргізілді, Кайзер арқылы Varimax айналымының тәртібі таңдалып алынды, өзіндік мәні бар факторлар көп мөлшерде қарастырылды. Шетелде тұратын таңдауға алынған казактардың тәжірибелік тобындағы 96 айнымалының айналымы жағдайында (Ш. Шварц әдістемесінің 12 айнымалысы, М. Рокич әдістемесінің 36 айнымалысы, Е.Б. Фанталованың әдістемесінің 13 айнымалысы, 34 Лебе айнымалысы, М. Кун әдістемесінің 1 айнымалысы «ұлттың реттік нөмірі») Қытайда тұратын казактардың бақылау тобына 97 итерация (қайталау) талап етілді.

4-кесте – Қытайда тұратын таңдамалы казактар тобының (алғашқы бес фактор) құндылық саласының факторлық талдауы (айналымнан кейін ерекшеленген 28 фактор)

Факторлар	Көрсеткіштер	Факторлық жүктеме
1	2	3
1. Өзін-өзі жүзеге асыру мен тәртіптің өзара байланысы Ақпараттық мазмұны– 12,86%	Белсенді жігерлі өмір	-,408
	Көзқарастардың жан-жақтылығы	,408
	Тура трансценденттілік	,612
	Өзін-өзі жүзеге асыру	,895
	Тәртіп	,871
	Қағамдастық және ауқаттылық сезімі	,772
	Мағынаға толылық	,488
	Әлеуметтік белсенділік	,483
	Өзі туралы білім	,508
	Денсаулық	,495
	Генеративтілік	,445
	Руханилық	,463
	Дарашылдық	,892
	Билік	,584
	Даму	,402
	Бостандық	,556

Факторлар 1	Көрсеткіштер 2	Факторлық жүктеме 3
	Білім	,760
	Шығармашылық	,450
	Дәстүр	,528
	Прагматизм	,666
	Адамгершілік	,734
	Естілік	,705
	Ынтымақтастық	,568
	Ләззат алу сезімі	,714
	Махаббат	,586
	Хал жай	,545
	Қамқорлық	,645
	Үйлесімділік	,817
	2. Қоғамда өз тағдырын белгілеу және дәстүрлерді сақтаудың арасындағы өзара байланыс Ақпараттық мазмұны - 8,47%	Өлеуметтік билік
Қоғамда өз тағдырын белгілеу		,905
Ынталандыру		,850
Дәстүрлерді сақтау		,902
Өлеуметтік билік		,815
Қауіпсіздік		,767
Кемелдік		,805
Өлеуметтік мәдениет		,413
Руханилық		,591
Істегі тиімділік		,409
3. Жауапкершілік және өзін-өзі бақылау аспаптық құндылықтар ретінде Ақпараттық мазмұны – 7,04%	Даму	,715
	Ұқыптылық	,429
	Тәрбиелілік	,679
	Атқарушылық	,654
	Тәуелсіздік	,404
	Өзінің және өзгелердің кемшіліктеріне төзімсіздік	,580
	Білімділік	,680
	Жауапкершілік	,927
	Рационалдылық	,741
	Өзін-өзі бақылау	,810
	Ерік жігер	,567
	Істегі тиімділік	,464
	Сезімталдық	,402
4. Қоғамдық мойындаудың құндылығы және оның қолжетімділігі Ақпараттық мазмұны – 5,85%	Денсаулық	,524
	Қоғамдық ықылас	-,787
	Өзіне сенімділік	,585
	Жоғары сұраныстар	-,469
	Адалдық	,642
	Қызықты жұмыс	-,563
	«Құндылық» пен «қолжетімділік» арасындағы айырмашылық индексі	,773
	Шақыру	,456
	Ұлт	-,562
5. Айқын діншілдік арқылы көрінетін трансценденттілік Ақпараттық мазмұны– 5,51%	Трансценденттілік	,759
	Тура трансценденттілік	,810
	Жанама трансценденттілік	,503
	Айқын діншілдік	,888
	Табиғатпен өзара байланыс	,656

Факторлық талдаудың нәтижесінде жиынтық дисперсияның 99,34% құрап сонымен бірге өте жақсы нәтиже ретінде саналатын жиырма төрт жаңа фактор құрылды. Біз ақпараттық мазмұны жиынтық дисперсияның 5,0% құрайтын алғашқы бес факторды талдаймыз.

Алынған нәтижелердің түсіндірмесіне көшейік. Мәліметтерді талдау кезінде 0,4 коэффициенттен жоғары модульдегі факторлық жүктемелер ерекшеленіп берілді. Түсіндірме барысында әрбір айнымалы, әсіресе абсолюттік мәні ең жоғары факторлар жүктемелері ерекшеленді.

Фактордың оң өрісі айнымалылардың ең үлкен оң және модуль бойынша ең үлкен теріс жүктемелері бар теріс өрісі бар айнымалылар арқылы түсіндіріледі. Сәйкесінше, фактордың теріс өрісіне максималды оң жүктемелері бар айнымалылар, оң өрісіне максималды теріс жүктемелері бар айнымалылар сәйкес келеді.

Атқарылған жұмыстың нәтижесін қорытындылайық және Ш. Шварц әдістемесі (Шварцтың құндылық сауалнамасы), М. Рокичтің құндылық бағдарларын зерттеудің әдістемесі, Л.С. Колмогорова, Д.В. Каширский түрлендірген Е.Б. Фанталованың құндылық бағдарлары жүйесінің диагностикасының әдістемесі, Лебе әдістемесі Қытайда тұратын қазақтардың құндылық сферасының құрылымының мағыналылығын кему реті бойынша әдістемелердің бірлескен талдауы нәтижесінде анықталған жасырын факторларды тізбелейік:

Өзін-өзі жүзеге асыру мен тәртіптің өзара байланысы

Қоғамда өз тағдырын белгілеу және дәстүрлерді сақтаудың арасындағы өзара байланыс

Жауапкершілік және өзін-өзі бақылау аспаптық құндылықтар ретінде

Қоғамдық мойындаудың құндылығы және оның қолжетімділігі

Айқын діншілдік арқылы көрінетін трансценденттілік (артықшылық)

Осылайша, жүргізілген факторлық зерттеудің нәтижелерінен бізге Қытайда тұратын қазақтарға Қытай мәдениетін меңгеру барысында ассимиляция және аккультурация үрдістерінің көп әсер еткені сезіледі. Бұл әсер Қытайда тұратын қазақтардың құндылық саласының құрылымын бай қазақ мәдениетін жағымды толықтыратыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда шетелдік қазақтардың құндылық бағдарларының психологиялық ерекшеліктеріне, құрылымына және түсіндірмесіне жалпы сипаттама берілді, Қытайда тұратын қа-

зақтардың құндылық саласының құрылымына ерекше назар аударылды.

Тұжырым (қорытынды)

Сонымен үш топтың өзара салыстырмалы талдауында: Қазақстанның төл этносы, Германияда және Қытайда тұратын қазақтардың құндылық бағдарларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Құндылық саласында ұқсастықтардан гөрі айырмашылықтар көбірек анықталғанын атап өткен жөн. Әсіресе, Қытайда тұратын қазақтар мен Қазақстанның төл этносы арасында көп айырмашылықтар анықталды.

Қазақстанның төл этносы үшін Қытайда тұратын қазақтармен қатар белсенділіктің оңтайлы деңгейін сақтау үшін жаңа және түрлі қобалжуларды сезіну, өзгелерге түсінісушілік және шыдамдылықты сезіну, өзінің әлеуметтік рөлін қабылдау және өз сезімдері мен әрекеттеріндегі бірқалыптылықты сақтау, ішкі үйлесімділік, өмірдегі өз орнын сезіну Германияда тұратын қазақтармен салыстырғанда маңызды әрі құнды болып табылатынын білдіреді.

Қытайда тұратын қазақтар үшін Германияда тұратын қазақтар және Қазақстанның төл этносымен салыстырғанда тәжірибеден тыс трансценденттіліктен мағына табу өз өмірін мағынаға толы ретінде қабылдау, өзін іздеуден мағына табу және түсіну, келешек ұрпаққа қызығушылықтан, дін мен сенімнен мағына табу, даралықтан, күзіреттілік пен табыстан, ақпараттан және оны түсінуден қарағанда прагматизм мен оның нақты қолданылуы көбірек тән.

Қазақстанда және Қытайда тұратын қазақтар үшін Германияда тұратын қазақтармен салыстырғанда өмір мағынасы дағдарысын сезіну көбірек тән.

Қытайда тұратын шетелдік қазақтардың құндылық бағдарларының этнопсихологиялық ерекшеліктерінің факторлық құрылымы анықталды:

Қытайда тұратын қазақтардың құндылық саласы құрылымының жасырын факторларына: 1. Өзін-өзі жүзеге асыру мен тәртіптің өзара байланысы; 2. Қоғамда өз тағдырын белгілеу мен дәстүрлерді қолдаудың өзара байланысы; 3. Жауапкершілік және өзін – өзі бақылау – аспаптық құндылықтар ретінде; 4. Қоғамдық ықыластың құндылығы мен қолжетімділігі; 5. Айқын діншілдік арқылы көрінетін трансценденттілік (артықшылық).

Қытайда тұратын қазақтарға Қытай мәдениетін меңгеру барысында ассимиляция және аккультурация үрдістерінің көп әсер еткені жөнін-

де болжауға болады. Бұл әсер Қытайда тұратын қазақтардың құндылық саласының құрылымын бай қазақ мәдениетін жағымды толықтыратыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген факторлық талдау нәтижелері бізге Қытайда тұратын қазақтардың құнды-

лық саласының құрылымы жан – жақты және белгілі ұқсастықтармен сипатталғанымен қатар Қазақстанның төл этносының құндылық саласы құрылымының этнопсихологиялық айырмашылықтары болуымен сипатталатыны туралы қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Блюмкин В.А. Мир моральных ценностей. – М., 2001.
- 2 Братус Б.С. Типологическая модель. Братус // Психология психоанализа характера / под ред. Д.Я. Рэйгородского. – Самара: изд. «ВАКХРАКН» – М. 2002. – стр. 155-172
- 3 Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика: учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2003. – 352 стр.
- 4 Ермагамбетов К.Л. Казахская диаспора. Проблемы этнического выживания – Алматы: «Атамұра» 1997. 220
- 5 Ермолаев О.Ю. Математическая статистика для психологов: учебник / О.Ю. Ермолаев. – 2-изд. испр. – М., 2003. Ermolaev O.Yu.
- 6 Фанталова Е.В. Новые методы диагностики в клинической психологии / Е.В. Фанталова // Клиническая психология в социальной работе / под ред. В.А. Маршанина. – М.: Академия, 2002. Стр. 177-217
- 7 Гуревич Б.П. Международные отношения в центральной Азии в 17 – первой половине 19 в. М., 1983. 216 с.
- 8 Gurevich B.P. Mezhdunarodnye otnosheniya v Tsentralnoy Azii v XVII – pervoy polovine XIX v. M., 1983. – 216 с.
- 9 Карандашев В.Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности. Концепция и методическое руководство. – СПб.: Изд-во Речь, 2004. – 72 с.
- 10 Карин Е. Казахско – китайские отношения. // Саясат. Алма Ата. 1997
- 11 Касымова Г.С. Ниязбекова К.С. Духовно – нравственные идеи у протоказахов // <http://www.rusnauka.com>
- 12 Казахская модель Этнополитики. Алматы, 2002. 94-96 стр. Kazakhskaya model Etnopolitiki. – Almaty, 2002. – S. 94 - 96
- 13 Хамитова А.В. Проблемы человеческих ценностей в казахской культуре // Вестник КазГУ – Караганда, 2008.
- 14 Хафизова К. О казахско – китайских отношениях // Проблемы Дальнего Востока. 1998. №4. – 34-42 стр.
- 15 Клэйн П. справочное руководство по конструированию тестов (введение психометрическое проектирование) / П. Клэйн. – к.: Пэн Лтд, 1994. – 283 с.
- 16 Коржакова Е.Ю. Психология для жизненных ориентации человека. – СПб.: Издательство РХГА, 2006, – 384 стр.
- 17 Қазақ диаспорасының бүгінгі мен ертеңі. «бас редакция: ҚР ҒА академиктері: А Қошанов, Ә Нысанбаев» – Astana: Elorda, 2005.; www.kisi.kz N.B.Seydin «Kazakhizarubezhomkakobektntsionalnoypolitiki».
- 18 Махин В. Обновленный Циньцзян: Зарубежный опыт Makhin V. Obnovlyonnyy Sintszyan: Zarubezhnyy opyt. // Kasakhska ypravda – 2000. – 7 okt.
- 19 Методика диагностики ценностных ориентаций личности Е.В. Фанталовой в модификации С. Колмогоровой, Д.В. Каширского // «Диагностика психологической культуры школьников»: практ. Пособие для школьных психологов / сост. Л.С. Колмогорова. – М.: Владос – Пресс, 2002. – 259 -263 с.
- 20 Практическая психодиагностика. Методики и тесты. – М.: Бахрах – М, 2011. – 672 с.
- 21 Prakticheskayapsikhodiagnostika. Metodiki i testy. – M.: Bakhrakh – M, 2011. – 672 s.
- 22 Schnell, T. & Becker, P. (2006). Personality and Meaning in Life. Personality and individual Differences, 41 (1), 117-129 Schnell, T. (2006) Ohne Sinn kein Glück? Zur Relativierung und Differenzierung des Zusammenhangs von Sinn und Neurotizismus. In F. Lösel & D. Bender (Hrsg.) 45. Kongress der Deutschen Gesellschaft für Psychologie (S.314). Lengerich: Pabst Science Publishers
- 23 Schnell, T. und P. Becker (2007). Fragebogen zu Lebensbedeutungen und Lebenssinn. Hogrefe Verlag GmbH & Co KG
- 24 Schwartz S. H., Melech G., Lehmann A., Burgess S., Harris M., Owens V. Extending the cross-cultural validity of the theory of basic human values with a different method of measurement // Journal of Cross-Cultural Psychology. 2001. 32. 519–542.
- 25 Schwartz, S. H. & Bilsky, W. Towards a psychological structure of human values // Journal of Personality & Social Psychology, 1987, 53. pp. 550-562.
- 26 Schwarz, S. H. (1992). Universals in the content and structure of values: theoretical advances and empirical tests in 20 countries. Advances in Experimental Social Psychology, 25, 1-65
- 27 Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально – экономического и культурного развития. – Алматы. 1994.
- 28 Токаев К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. – Алматы, 2000. – 584 www.wikipedia.com
- 29 Ядов В.А. Социологическое исследование: методология, программа, методы. – Самара, 1995.

References

- 1 V.A. Blyumkin. World of moral tsennostey. M., 2001.
- 2 B.S. Bratus. The typological model. Bratus // Piskhologiya psychoanalysis / Pod.red.D.Ya.Rey urban character. -Samara: Vol. «BAKHRAKH» - M. 2002. -str. 155-172

- 3 L.F. Burlachuk. Psychodiagnostics. Textbook for high schools. - St. Petersburg. Piter, 2003. - 352 p.
Burlachuk L. F. Psychodiagnostics. Textbook for high schools / LF Burlachuk. - SPb .: Piter, 2003. - 352 s.
- 4 K.L. Ermagambetov. Kazakh Diaspora. Problems of ethnic survival-Almaty «Atamura» 1997.220
- 5 O. Ermolaev. Mathematical statistics for psychologists. Textbook / O. Ermolaev. - 2izd.ispr. -M, .2003.
- 6 E.V.Fantalova. New methods of diagnosis in clinical psychology / E.V.Fantalova // Clinical Psychology in social work / psychology.V.A.Marshanina. - Moscow: Academy, 2002. Pp. 177-217
- 7 B.P. Gurevich International relations in Central Asia in the 17th -First half 19v.M. 1983. 216c.
- 8 V.N. Karandashev.Metodika Schwartz to study values lichnosti.Kontseptsiya and guidance. - SPb .: Publishing of Speech, 2004 - 72c.
- 9 E. Karin. - Chinese Kazakh relations .// Sayasat. Alma Ata. 1997
- 10 G.S. Kasymova. KS Niyazbekova.Duhovno -nравstvennye ideas from proto // <http://www.rusnauka.com>
- 11 Kazakh model Etnopolitiki.Almaty, 200294-96 p.
- 12 A V. Khamitov. Problems of human values in the Kazakh culture // Herald Shipping - Karaganda, 2008.
- 13 K. Hafizova. About -Chinese Kazakh relations // Problems of the Far East. 1998. №4. - 34-42 p.
- 14 P. Kleyn. Reference Guide for the design of tests (administering psychometric design) /P.Kleyn. - K .: Peng Co., 1994. -283str.
- 15 E.Yu.Korzhakova. Psychology for life orientation rights. SPb .: Publisher RKhGA, 2006 - 384 p.
- 16 Future of the Kazakh diaspora. «Bass Editorial .: A Koshanov AND Nysanbaev» - Astana: Elorda, 2005 .; www.kisi.kz
- 17 V. Mahin. Qingjiang Updated: Foreign Experience - 2000 - 7 okt.
- 18 Methods of diagnostic value orientations of the individual EV Fantalovoy modification S. Kolmogorovoy, DV Kashira // «Diagnosis of psychological culture of pupils»: Pract. Allowance for school psychologists / comp. L.S. Kolmogorova. -M .: Vldos -Press, 2002. -259 -263s.
- 19 Practical psihodiagnostika.Metodiki and testy.- M .: Bachrach -M, 2011. - 672 p.
- 20 Schnell, T. & Becker, P. (2006). Personality and Meaning in Life. Personality and individual Differences, 41 (1), 117-129Schnell, T. (2006) Ohne Sinn kein Glück? Zur Relativierung und Differenzierung des Zusammenhangs von Sinn und Neurotizismus. In F. Lösel & D. Bender (Hrsg.) 45.Kongress der Deutschen Gesellschaft für Psychologie (S.314). Lengerich: Pabst Science Publishers
- 21 Schnell, T. und P. Becker (2007). Fragebogen zu Lebensbedeutungen und Lebenssinn. HogrefeVerlag GmbH & Co KG
- 22 Schwartz SH, Melech G., Lehmann A., Burgess S., Harris M., Owens V. Extending the cross-cultural validity of the theory of basic human values with a different method of measurement // Journal of Cross-Cultural Psychology. 2001. 32. 519-542.
- 23 Schwartz, S.H. & Bilsky, W. Towards a psychological structure of human values // Journal of Personality & Social Psychology, 1987, 53. pp.550-562.
- 24 Schwarz, S. H. (1992). Universals in the content and structure of values: theoretical advances and empirical tests in 20 countries. Advances in Experimental Social Psychology, 25, 1-65
- 25 K.L. Syroezhkin Kazakhs in China: Essays on the socio -ekonomicheskogo and cultural development. Almaty.1994.
- 26 K. Tokayev. The foreign policy of Kazakhstan in conditions of globalization. - Almaty, 2000. - 584 www.wikipedia.com
- 27 V.A.Yadov. Case issledovanie: methodology, program practices. Samara, 1995.